

## **"Түсті металл бұйымдары зауыты" мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 14 мамырдағы N 437

"Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес Z952155\_ , сондай-ақ "Түсті металл бұйымдары зауыты" мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асыратын қызметті ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Түсті металл бұйымдары зауыты" мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру және оның негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің "Қазақстан монет сарайы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын (бұдан әрі - Кәсіпорын) құру туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті "Түсті металл бұйымдары зауыты" мемлекеттік кәсіпорнының және "Үлбі металлургия зауыты" ашық акционерлік қоғамының балансындағы Кәсіпорынның жарғылық қорын қалыптастыруға қажетті мүлікті және аяқталмаған құрылыс көлемін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген тізбе бойынша, заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Ұлттық

Банкіне берсін.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Кәсіпорынды заңдарда белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырсын және Қазақстан Республикасының Үкіметіне Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне тиісті толықтыру енгізу туралы ұсыныс енгізсін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары